

**"Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы"  
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 наурыздағы N 152 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық  
саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге  
қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы**

Индустриялық-инновациялық даму саласында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және мемлекеттің экономикалық өсуін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазына" орнықты дамыту қоры" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "Қазына" АҚ) қ ұ р с ы н ;

2) б і р а й м е р з і м д е :

"Қазына" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумды бекітуді; акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқықтары "Қазына" АҚ-ға берілетін мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізбесін бекітуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) үш ай мерзімде нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

4) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жү к т е л с і н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ